




10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Этикалық реализм және этикалық  
плюрализм





## Моральдық реализм

Моральға қатысты реалистік көзқарасты нығайтуға ұмтылатын кейбір философ-моралистер моральдық шындықты реляциялық сұрақ – бәлкім, әрекеттер мен ситуациялар немесе әрекеттер мен біздің туабытты сезімталдығымыздың арасындағы белгілі бір сәйкестілік ретінде түсіндіруге талпынады. Мысалы, олардың кейбірі біздің туабытты адамгершілік сезімталдығымызға байланысты біз кінәсіз адамдарды азаптауды мақұлдай алмайтынымызды айтады. Әрине, мұндағы проблема – бұл пікірмен адамдардың барлығы келіспейтінінде. Бұл мысалды жалғастыра келе, кейбір адамдар террористік шабуыл турасында ақпарат алу үшін немесе болашақ террористерді қорқыту мақсатында месседж жолдау үшін адамды азаптау туралы ойлағанда, ешбір кінәсіз адамды азаптауға дайын болатынын айта кетейік. Әрі аштықта ұстау, ұйқыдан айыру, тіпті, ұрып-соғу сияқты азаптау ретінде сипаттауға болатын кейбір іс-әрекет түрлері діни контекстінде, мәдени инициация жоралары және, тіпті, спорт командалары немесе «бауырластық» ұйымдарда болып жатқан жәбірлеу рәсімдерінде құнды әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін. Моральдық реалистер мұндай келіспеушіліктерді жақсылық пен зұлымдық туралы пайымдарды ақиқат етеді деп күтілетін моральдың шынайы объектілеріне бет бұру арқылы шешуге болады деп сендіреді. Бірақ релятивистер объективті моральдық шындыққа негізделетін моральдық ақиқаттың барына күмәнмен қарайтыны сияқты, әрекеттердің барлық бақылаушылар бірдей ұғынатын шынайы немесе объективті қасиеттері бар ма деген сұрақ қояды.

Дәрістеріміздің барысында біз әлі моральдық реализмге оралып жатамыз. Ал әзірге, этиканың тағы бір саласы - моральдық плюрализм жайында айтып кетсек.

## Моральдық плюрализм

Нонрелятивистер немесе объективистер тап болатын басқа бір проблема – бұл игілік біреу ме, әлде көп пе деген сұрақ. Кейбір теорияларға сай, барлық іс-әрекеттер туралы пайым жасауымызға болатын бір бастапқы моральдық принцип бар. Алайда, бұл, шын мәнінде, олай емес, мұның орнына көптеген теңмәнді моральдық принциптер немесе тең моральдық құндылықтар бар деп жобалап көрейік. Мысалы, автономия, әділдік, әл-ауқат, шынайылық және бейбітшілік сияқты дүниелердің құндылығы тең делік. Бұл тұрғыда біздің көптеген құндылықтарымыз бар. Плюрализм нұсқаларының бірі адамдар әртүрлі және бір-біріне ұқсамайды, әрі оларға өздігінше өсіп-өркендеуге жол беру тиіс деген пікірге негізделген. Біз алдағы дәрістерде қарастыратын эссесінде этика саласының маманы Джон Лакс «ақылға қонымдылық пен толеранттық әр адамға, бәлкім, өзін-өзі іске асырудың бірегей формасына жүгінуіне жол беруімізді талап ететін болар» деп түсіндіреді. Плюрализмнің тағы бір нұсқасы – қазіргі заманның танымал философы Марта Нуссбаумның осыған дейін талқыланған қабілеттерге қатысты ұстанымы. Нуссбаумның пайымынша, негізгі игіліктердің алуан түрі сан қилы мәдени контекстінде әр түрлі амалмен іске асуы мүмкін.

## Уильям Дэвид Росстың *prima facie* міндеттерге қатысты тұжырымы

Тағы бір нұсқа – ағылшын философы Уильям Дэвид Росстың *prima facie* (прима фаче), яғни «бір қарағанда көзге түсетін» міндеттерге қатысты тұжырымы. Росстың пікірінше, міндеттердің алуан түрі бар – олар төменде келтірілген.



*Сэр Уильям Дэвид Росс – этика мәселелерімен айналысқан шотланд философы (1877-1971 жж.)*

Бұл міндеттерді *prima facie* (прима фаче), яғни, бұл сөз латын тілінен аударғанда «алғаш тап болғанда» немесе «бір қарағанда» дегенді білдіреді) деу басқа да тең жағдайларда олардың бір қарағанда маңыздырақ және құндырақ екендігін білдіреді. Десек те, бұл міндеттер бір-біріне қарама-қарсы болуы мүмкін – себебі олар бір емес, бірнеше. Игіліктердің немесе міндеттердің көп болуы құндылықтар қайшылығының



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық реализм және этикалық плюрализм  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

туындайтынын білдіреді.


Осындай плюралисттік тұжырымның күрделілігі мынада: өзара бәсекелес міндеттер немесе құндылықтар арасынан таңдау жасауға мәжбүр болу қиындық тудырады. Мысалы, егер біз біреуге уәде берсек, әрі уәдемізге адал болу міндетін мойнымызға алсақ, бірақ бұл уәде басқа біреу үшін жақсылық жасау мүмкіндігіне, яғни, жақсылық жасау міндетін атқаруға қайшы болса, бұл жағдайда не істейміз? Міндеттер немесе құндылықтар бір-біріне қарама-қайшы болған кезде біз екінің бірін ешбір себепсіз немесе себептен басқа бірдеңеге арқа сүйей отырып, таңдауға мәжбүр болуымыз мүмкін. Осындай шешімдерді қабылдаудың қандай да бір рационал және еріксіз жолдары бар ма? Бұл әлі күнге дейін жауабы табылмаған сұрақ. Демек, түпкілікті таңдау субъективті ме, әлде ол объективті бағалауға негізделуі мүмкін бе дегеніміз – бұл тек біздің мінез-құлқымызға ғана емес, сонымен бірге моральдық пайымдау мәселелерінде ненің ықтимал екеніне қатысты мәселе.

Моральға қатысты плюрализмді бір ғана объективті немесе универсал стандарт жоқ дегенді алға тартатын релятивизм формасы ретінде түсінуге болады. Осыған жауап ретінде плюралистер бірнеше ақылға қонымды, бір-бірімен тең түсетін құндылық стандарттарының бар екенін айтуы мүмкін. Бірақ – осыған дейінгі дәрістерде діни плюрализмді талқылағанда көргеніміздей – плюралист құндылықтар саласында қандай да бір бірыңғай және универсал бірдеңеге қатысты белгілі бір конвергенцияның бар екенін айтатын болар. Мүмкін, құндылықтар иерархиясы бар шығар. Алайда шынайы плюрализм міндеттердің иерархиялық құрылымына жол бермейтін құндылықтардың белгілі бір теңдігін алға тартады.

Келесі дәрістерде біз утилитаризмнің, деонтологияның, табиғи құқық теориясының және қамқорлық этикасының бірнеше негізгі этикалық теорияларын қарастырамыз. Бұл теориялар объективтік немесе релятивистік емес көзқарас тұрғысынан құрылған. Бұл теорияларды қолдайтындар «теория - жақсы дегеніміз не деген сұрақтың түпкілікті анықтамасы не екенін ажыратып береді» дейді. Алайда егер біз осы нормативті теорияларды салыстырудың немесе біріктірудің қандай да бір амалы бар ма немесе біздің игілік туралы түсінігіміз олармен үйлеспей ме деген сұрақты көтеретін болсақ, релятивизм мәселесі қайта туындайды.

Осы дәрісіміздің аясында біз қарастыратын эссесінде америкалық философ Луи Пожман универсализм нұсқасын қолдау үшін релятивизмге қарсы аргумент келтіреді. Пожман дескриптивті немесе мәдени релятивизм мен этикалық релятивизм туралы біршама қуатты тұжырымдаманың арасындағы айырмашылыққа тоқталады.

*Луи Пол Пожман (1935-2005 жж.) – америкалық философ, оның этика мен дін философиясы саласындағы жұмыстары бүкіл әлем бойынша университеттерде оқылады.*



Оның тұжырымына бойынша, мәдениеттердің аясынан тыс универсалды құндылықтар шынымен болуы мүмкін. Олай болса, Луи Пожманның «Шешімді кім қабылдайды?» атты эссесін қарастырып көрейік. Бұл эссенің аясында біз Пожман этноцентризм мен релятивизмді қалай байланыстыратынын түсінеміз. Сонымен, Пожманның айтуынша, университет профессоры барынша сенімді болатын бір ғана нәрсе бар: университетке оқуға түскелі отырған әрбір дерлік студент ақиқаттың салыстырмалы екеніне сенеді немесе сенетінін айтады. Ал егер біз бұл сенімді тексеретін болсақ, студенттердің мынадай реакциясын күтуге болады: олар біздің не сұрап отырғанымызды ұғынбай әлек болады. Біреулердің бұл тұжырымды айқын көрінетін ақиқат ретінде қабылдамауы оларды  $2+2=4$  деген сұраққа күмәнмен қарағандай таңқалдырады... Оларды қинайтын мәселе – қателікке емес, толерантсыздыққа ұрыну. «Америкалық ақыл-ойдың жабылуы» атты еңбегінде Алан Блумның «релятивизм ашықтық үшін қажет; бұл барлық бастауыш білім беру жүйесі елу жылдан аса уақыттан бері тәрбиелеп келе жатқан ізгілік қасиеті, тіпті жалғыз ізгілік» деген сөздері бар.

Б.з.д. 485-430жж. өмір сүрген грек тарихшысы Геродоттың баяндауынша, парсы патшасы Дарий бірде өзіне бірнеше гректі шақыртып алып, әкелері дүниеден өткен соң олардың денелерін жеулері үшін қанша ақша төлеуі қажеттігін сұрайды.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық реализм және этикалық плюрализм  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева



*Дарий I – б.з.д. 522-486 жж. билік еткен Ахемендидтер әулетінен шыққан парсы патшасы.*

Олар мұндай адам шошырлық әрекетке қандай ақшаға болса да келіспейтінін айтады, сонда Дарий өз әкелерін жейтін дәстүрі бар Каллатия тайпасындағы бірнеше адамды алдырып, олардан гректердің көзінше әкелері дүниеден өткен соң денелерін отқа өртеу үшін қанша ақша талап ететінін сұрайды. Ал гректердің салты солай болатын – олар дүниеден өткен адамның тәнін өртейтін болған. Каллатиялықтар бұл ұсыныстан шошып, Дарийден мұндай масқара әңгімені қозғамауын өтінеді. Осыдан Геродот «Мәдениет дегеніміз – барлық нәрседен үстем тұрған патша» деген қорытынды жасайды. Бұл мысал бізге, тағы бір рет бір мәдениетте кісі шошырлық болып көрінетін нәрсе, басқа мәдениетте норма болатынын еске салады.

## Этноцентризм

Бүгінгі таңда біз этноцентризмді, яғни өз мәдениетіміздің бұлжымас артықшылығына деген ешбір шүбәсіз сенімді расизм мен сексизм сияқты жалған нанымның бір түрі ретінде айыптаймыз. Бір мәдениетте дұрыс саналатын нәрсе басқа мәдениетте бұрыс болуы мүмкін, өзеннің шығысында жақсы саналатын дүние дәл сол өзеннің батысында жаман болуы мүмкін, бір ұлтта ізгі қасиет ретінде қабылданатын нәрсе басқа ұлтта ұнамсыз қасиет болуы мүмкін, сондықтан біз басқаларды айыптауға асықпай, осындай әралуандыққа толерантты болуымыз қажет.

Батыстағы этноцентризмнен бас тарту мораль туралы қоғамдық пікірдің жалпы алға жылжуына ықпал етті, сондықтан саны артып келе жатқан батысшылдардың, яғни, жалпы батыстық көзқарастарды құп көретін адамдардың өмірдің басқа тәсілдерінің де маңыздылығын саналы түрде түсінуінің артуы моральдық объективизмге, яғни барлық замандарда және барлық елдерде барлық адамдар үшін бұлжымас болып қала беретін универсалды моральдық принциптер бар деген түсінікке сенудің бірте-бірте әлсіреуіне алып келді. Мәселен, соңғы бірнеше жылдар барысында америка университеттерінде этика мен философияға кіріспе дәрістерінде жүргізілген сауалнамаларда студенттердің екіден бірі моральдық релятивизмнің моральдық абсолютизмнен басым екенін растап, тек 3 пайызға жуығы ғана осы бір-біріне қарама-қайшы ұстанымдардың арасындағы айырмашылықты байқаған. Әрине, мен осы студенттердің бәрі релятивизмнің неге әкеліп соқтыратынын анық ұғынады деп ойламаймын, себебі өздерін этикалық релятивистің деп атайтындардың көбі дәл сол сауалнама парақшасында «ананың өмірін сақтап қалудан басқа жағдайдың бәрінде түсік жасату - қателік», «өлім жазасы моральдық тұрғыдан әрдайым дұрыс емес» немесе «өз-өзіне қол салуға моральдық тұрғыдан ешқашан рұқсат жоқ» деген сияқты пікірлерді белгілейді. Пікірлердің осындай қарама-қайшылығы бұл сұрақты ұғынудағы қателікті байқатады.

## Объективизм

Бұл эсседе Пожман этикалық релятивизмнің басты ұғымдарын қарастырып, одан туындайтын салдарларды көрсеткісі келеді. Одан соң ол моральдық принциптердің объективті мәнін ұстанатын, бірақ релятивизмнің көптеген идеяларын ескеретін өте сыпайы объективизмді сипаттауды жөн санайды.

Олай болса, Пожманның көзқарасы тұрғысынан релятивизмді талдап көрейік.

Этикалық релятивизм дегеніміз – жалпыға ортақ моральдық принциптер жоқ, ал барлық моральдық принциптер мәдениетке немесе жеке таңдауға қатысты орынды екенін мойындайтын теория. Оны моральдық скептицизмнен, яғни, ешқандай моральдық принциптер мүлде жоқ немесе, кем дегенде, біз олардың бар-жоғын біле алмаймыз деген пікірден, әрі моральдық объективизм немесе абсолютизмнен ажырата білу қажет. Философ-релятивист Джон Лэддтің келесі тұжырымы бұл теорияны жақсы сипаттайды.



Этикалық релятивизм дегеніміз, дейді Лэдд – іс-әрекеттердің моральдық дұрыстығы және бұрыстығы қоғамнан қоғамға түрлене береді және барлық замандарда барлық адамдар үшін міндетті абсолютті универсал моральдық стандарттар жоқ деген пікірді алға тартатын ілім. Сәйкесінше, бұл ілім қандай да бір жеке адамның белгілі бір амалмен әрекет етуі оның өмір сүріп отырған қоғамына немесе оның өзіне байланысты деп тұжырымдайды. Бұл пікірмен жақынырақ танысқыңыз келсе, Джон Лэддтің Этикалық релятивизм атты еңбегін оқысаңыздар болады.

### Әралуандық туралы тезис

Егер біз Лэддтың жоғарыда айтылған пікіріне талдау жасасақ, мынадай аргументті шығарамыз:

1. Моральдық жағынан дұрыс және бұрыс деп саналатын нәрселер қоғамнан қоғамға өзгере береді, сондықтан барлық қоғамдар құп санайтын моральдық принциптер жоқ.
2. Барлық моральдық принциптер мәдени мойындауға негізделеді.
3. Демек, барлық адамдарға барлық жерде және барлық замандарда қолдануға болатын жалпыға ортақ моральдық принциптер, объективті нормалар жоқ.

Бұл жерде біз әралуандық туралы тезис деп атап, мәдени релятивизмге теңестіруге болатын бірінші тезис - жай ғана моральдық ережелердің қоғамнан қоғамға қарай өзгешелене беретінін растайтын антропологиялық тезис болып шығатынын айтуымыз қажет. Демек, берілген қоғамның моральдық принципі болып саналатын нәрселер арасында едәуір зор алуандық бар. Адам болмысы халықтық дәстүрлер немесе моральдық кодекстердің кез-келген санына жол беретіндей аса икемді сипатқа ие. Америкалық антрополог, америка антропологиясындағы этнопсихологиялық бағыттың өкілі Рут Бенедикт былай деп жазды:

*Рут Бенедикт (1887-1948жж.) – америкалық антрополог, америкалық антропологиядағы этнопсихологиялық бағыттың өкілі.*



Кез-келген өркениеттің мәдени паттерні, яки, үлгісі адами мақсаттар мен мотивациялардың кең қатарының белгілі бір бөлігін тұтынады... Кез-келген мәдениет белгілі бір таңдаулы материалдық техникаларды немесе мәдени ерекшеліктерді қолданады. Адами мінез-құлықтардың барлық ықтимал формаларын қамтитын осы кең қатар тым ауқымды және қарама-қайшылықтарға толы, сондықтан қандай болмасын мәдениеттің бір түрі оның айтарлықтай бөлігін қолдана да алмайды. Демек, мұндағы іріктеу – бірінші талап.

Бәлкім, әрбір қоғам ортақ ұстанатын бірдей моральдық принцип болуы да, болмауы да мүмкін шығар, дегенмен, бар болса да, олар санаулы ғана. Әрине, түрлі қоғамдардың моральдық нормаларын қарастырып, ортақ «шынайы» моральдық ережені есептеп шығару өте қиын болар еді.

Осы жерде біз Пожманның келтіретін екінші тезисін, яғни, Тәуелділік тезисін атап өтеміз. Бұл тезис жеке дара адамға тән іс-әрекеттер өздері туындап отырған қоғамның табиғатына қарай, дұрыс немесе бұрыс саналады деп сендіреді. Мораль тұйық вакуумда пайда болмайды, ал моральдық жағынан дұрыс немесе бұрыс саналатын нәрселер қарастырылып отырған қоғамның мақсаттарына, қажеттіліктеріне, сенімдеріне, тарихына және қоршаған ортасына қарай контекст аясында саралануы тиіс. Америкалық әлеуметтанушы, философ, экономист және публицист, Йель университетінің саяси және әлеуметтік ғылымдарының профессоры Уильям Грэхэм Самнердің айтуынша: «Біз жүруді, естуді және тыныс алуды қаншалықты бейсаналы түрде меңгерсек, моральды да сол сияқты бойымызға сіңіреміз, сондықтан моральдың не себепті осындай екенін білу мүмкін емес. Осы өмірді санамызбен түсінбек болғанда, дәстүрлердің, салттардың және әдеттердің бұғауында екендігімізді ұғынатындығымызбен ғана ақталуға болады». Түрлі құбылыстарға тәуелсіз, мәдениет аясынан тыс көзқарас тұрғысынан қарауға талпыну дегеніміз - олардың түр-әлпеті мен қасиеттерін қарастыру үшін көзімізді ұяшығынан жұлып алып қарағанға ұқсас. Біз, бар



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық реализм және этикалық плюрализм  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

болғаны, мәдениет ережелеріне бағынышты жандармыз.

Әрине, тәуелділік туралы қуатты және әлсіз тезистерді ажыратып алсақ болар еді. Нонрелятивист моральдық принциптердің сенімдерге, тарихқа және қоршаған ортаға тәуелді түрлі мәдениеттерде қалай қолданылатынына байланысты белгілі бір салыстырмалылықты қабылдай алады. Мысалы, шығыс адамдары басын жауып, аяғын жалаңаштау арқылы басқаға деген құрметін білдіреді, ал батыс халықтары керісінше жасайды, бірақ екі жақ та беделді адамдарға құрмет білдіру принципін ұстанады. Олар тек осы құрмет білдіру принципін түрліше қолданады ғана. Ұлыбританиядағы көлік жүргізушілер жолдың сол жағымен жүрсе, Еуропаның басқа жерлеріндегі және Құрама Штаттарындағы жүргізушілер оң жақпен жүреді, бірақ екі жақ та тәртіпке бағындырылған қозғалыс принципін ұстанады. Бұл ереже әртүрлі қолданылуы мүмкін, бірақ екі жағдайда да бір принцип сақталады. Бірақ этикалық релятивист біршама қуатты тезисті тұжырымдауы тиіс, оған сай принциптердің шынайылығының өзі - мәдениеттің жемісі, әрі түрлі мәдениеттер әртүрлі шынайы принциптерді тудырады. Этикалық релятивисттің пікірінше, қоршаған орта факторларынан және сенімдегі айырмашылықтардан бөлек, қоғамдар арасында түбегейлі келіспеушіліктер бар.

Белгілі бір мағынада біз бәріміз мүлде әртүрлі әлемдерде өмір сүріп жатырмыз. Әрбір адамның өзінің сенімдері мен тәжірибелерінің жиынтығы, оның қабылдауының бәріне бір реңк беретін өзінің жеке көзқарасы бар. Фермердің, жылжымайтын мүлік сатушысының және суретшінің көретін кеңістіктік-уақыттық өрістері бірдей ме? Екіталай секілді. Олардың қабылдауы түрлі бағыт-бағдармен, құндылықтармен және болжалдармен өзгешеленеді, сондықтан осы өрістің түрлі қырлары көзге түсіп, кейбір ерекшеліктері көзден таса болып қалады. Біздің жеке дара құндылықтарымыз жеке тәжірибемізден қалай туындайтын болса, әлеуметтік құндылықтар да қоғамның ерекше тарихына негізделеді. Демек, мораль дегеніміз – уақыт өте келе қоғам мойындап, айналамыздағы нәрселердің факті ретінде ажырамас бір бөлігі сияқтанып кеткен ортақ ережелердің, әдет-ғұрыптар мен салттардың жиынтығы ғана емес. Мінез-құлықтың осындай кодекстерінде тылсым немесе трансцендентті ештеңе жоқ. Бұл – біздің әлеуметтік тарихымыздың нәтижелері іспеттес.

Кез-келген моральдың шартты бір құрамдасы бар, сондықтан мораль әлеуметтік көзқарастың белгілі бір деңгейіне тәуелді екені рас. Түрлі қоғамдар әртүрлі моральдық жүйелерді ұстанып қана қоймай, бір қоғам уақыт өте келе және орналасу жеріне қарай өзінің моральдық көзқарастарын өзгерте алады, әрі мұны жиі жасап та отыр. Мысалы, Құрама Штаттарының оңтүстігінде қазіргі кезде құлдық моральға қарсы, теріс құбылыс саналады, ал жүз жылдан сәл ғана асатын уақыт бұрын жағдай басқаша болған. Кейінгі жылдары әлем жұртышылғы түсік жасатуға, ажырасуға және сексуалдыққа қатысты көзқарастарын айтарлықтай өзгертті.

Сонымен, жоғарыдағы екі тұжырымнан барлық адамдар үшін міндетті саналатын абсолютті немесе объективті моральдық нормалар жоқ деген қорытынды шығады, дейді Пожман. Мәдени релятивизм, яғни, әралуандық туралы тезис мен тәуелділік тезисі классикалық формадағы этикалық релятивизмді қалыптастырады. Егер мәдениеттен мәдениетке қарай мораль принциптері әртүрлі болса, әрі мораль түгелдей мәдениетке негізделетін болса, онда бұдан барлық замандарда барлық мәдениеттерге және халықтарға лайықты болатын универсал мораль принциптері жоқ деген қорытынды шығады.

Осы тұста біз Пожманның субъективті этикалық релятивизм немесе субъективизм туралы идеяларын айтып кетуіміз қажет.

Пожманның айтуынша, кей адамдар мұндай қорытындының өзін тым қарабайыр санап, мораль қоғамға емес, индивидтің өзіне тәуелді екенін уәж етеді. Кейде студенттер «Мораль қарастырушының жанарында» деген пікір айтып жатады. Танымал жазушы Эрнест Хемингуэй былай деп жазды: «моральға келер болсақ, менің бар білерім, мораль дегеніміз – бұл сіз одан кейін өзіңізді жақсы сезінетін, ал аморальды нәрсе дегеніміз – сіз одан кейін өзіңізді жаман сезінетін және мен қорғауға талпынбайтын осындай моральдық стандарттармен сараланатын дүниелер, бұқалардың шайқасы мен үшін өте моральды нәрсе, себебі мен оның барысында өзімді өте жақсы сезінемін, әрі бойымнан өмір мен өлімнің, ажал мен мәңгі өмірдің сезімдері толқынын байқаймын, ал ол біткеннен кейін мен өзімді өте мұңды, бірақ айтарлықтай жақсы сезінемін.»



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық реализм және этикалық плюрализм  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

*Эрнест Миллер Хемингуэй (1899-1961 жж.) – америкалық жазушы, журналист, 1954 жылғы Әдебиет бойынша Нобель сыйлығының иегері.*



Моральдық субъективизмнің бұл формасы өкінішті салдарға алып келеді: ол моральды түкке пайдасыз ұғымға айналдырады, себебі оның алғышарттарын ескерсек, қисынды түрде ешқандай тұлғаралық сын немесе пайымдау мүлде болмайды немесе болса да, мардымсыз ғана. Хемингуэй корридада, бұқаларды өлтіріп жатқанда, өзін жақсы сезінетін шығар, бірақ Альберт Швейцер немесе Тереза Анаға бұл керісінше әсер етуі мүмкін. Бұл мәселеге қатысты дауласу мүмкін емес. Хемингуэйдің немесе басқа бір кісінің осындай пікірін бұрыс деп айыптауға негіз боларлық жалғыз уәж – оның өзі де осындай принциптерге сай өмір сүре алмас еді деген пікір. Бірақ, әрине, Хемингуэй принциптерінің бірі – моральдық жағынан екіжүзділік рұқсат екендігі болар еді, себебі, адам өзін бұл жағдайда жақсы сезінеді ғой) яғни ол үшін бұл бұрыс болуы мүмкін емес. Хемингуэй үшін екіжүзділік те, екіжүзділік емес те моральдық жағынан рұқсат етілетін нәрселер. Егер субъективизмге арқа сүйейтін болсақ, Адольф Гитлер де, Ганди сияқты, моральды тұлға болуы ғажап емес, себебі әр адам өзі таңдаған принциптерге сай өмір сүреді емес пе? Мұндай жағдайда моральдық ізгілік пен зұлымдық, дұрыс пен бұрыс ұғымдары тұлғааралық бағалаушы мәнінен айырылып қалады.

### Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ruth Benedict, “Anthropology and the Abnormal,” *Journal of General Psychology* 10 (1934).
2. Friedrich Nietzsche, *Will to Power* (New York: Random House, 1968) no. 481.
3. Martha C. Nussbaum, *Women and Human Development* (Cambridge: Cambridge University Press, 2001).
4. Richard Rorty, “Pragmatism, Relativism, and Irrationalism,” *Proceedings and Addresses of the American Philosophical Association* 53, no. 6 (1980).
5. G. E. Moore, *Principia Ethica* (Cambridge: Cambridge University Press, 1903).
6. Bruce W. Brower, “Dispositional Ethical Realism,” *Ethics* 103, no. 2 (January 1993).
7. John Lachs, “Relativism and Its Benefits” *Soundings* 56:3 (Fall 1973).
8. W. D. Ross, *The Right and the Good* (Oxford: Oxford University Press, 1930), Chapter 1.
9. Ernest Hemingway, *Death in the Afternoon* (New York: Scribner’s, 1932).
10. *Patterns of Culture* (New American Library, 1934).
11. Melville Herskovits, *Cultural Relativism* (New York: Random House, 1972).

### Глоссарий

Моральдық плюрализм– құндылық плюрализмі – бір емес, одан көп объектив құндылық бар деген метаэтикалық идея (Росстың есімімен байланысты); сондай-ақ қараңыз: алғашқы көзқарас міндеттері.

Моральдық реализм – этикалық фактілер және ақиқат немесе жалған деп атауға моральдық пайымдар бар дейтін идея.

Объективизм – этикалық қағидалар объективті фактілерге қатысты деген метаэтикалық идея (субъективизмге қарсы); сондай-ақ, қараңыз: моральдық реализм.

Prima facie (лат. алғашқы көзқарас) – «бір қарағанда» немесе «тез шолып шыққанда» дегенді білдіретін термин.

Алғашқы көзқарас міндеттері – әрбірі құнды, бірақ дауға алып келуі мүмкін бірнеше міндеттер бар деген плюралистік идея (Росстың есімімен байланысты).